

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен, өнеркәсіптік кешендермен, тікелей тұтынушылармен және басым тұтынушылармен жасалатын шарттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 480 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қаңтарда № 16241 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.09.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуы шартының үлгілік нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өнеркәсіптік кешендер мен тікелей тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатуы шартының үлгілік нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатуы шартының үлгілік нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуы шартының үлгілік нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.09.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын тіркелген тарифтер және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және олармен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтер бойынша сатып алуы, қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатуы шарттарының үлгі нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 163 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10780 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 533 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14760 тіркелген, 2017 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов _____

2017 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 480 бұйрығына
1-қосымша
Үлгілік нысан

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуы шарты № _____

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.09.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

_____ 20____
жыл

(шарттың жасалған жер)

(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

_____ атынан,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және

(ұйымның толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

_____ атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,
(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе

"Тараптар", жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – ЖЭК туралы Заң);

3) "Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысын (бұдан әрі – Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары);

4) "Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығы қағидалары);

5) "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 164 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар);

6) Қағидаларға қосымшаға сәйкес осы шартты жасасуға Сатушының өтінімін (кіріс № "___" ___ 20___ жыл) назарға ала отырып, осы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан төмендегі аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін, аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын электр энергиясын сатып алуға арналған баға;

2) коммерциялық есепке алу аспабы – электр қуатын, электр немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

3) қаржы ұйымы - қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) өңірлік диспетчерлік орталық – жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына жедел бағынатын және белгілі бір өңір бойынша жедел-диспетчерлік функцияларды жүзеге асыратын жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталығы;

5) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) – электр энергиясын есепке алу деректерін өлшеуге, жинауға, өңдеуге, сақтауға және жіберуге арналған өлшеу құралдары мен аппараттық-бағдарламалық кешендер жиынтығы.

Осы Шартта пайдаланылған өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдалануды қолдау және электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Заңға сәйкес Сатып алушы электр энергиясын желіге жоспарлы жіберу көлемінде Сатушыдан жүйелік оператордың техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін электр энергиясын сатып алады.

Сатушы мынадай ЖЭК пайдалану объектісінде электр энергиясын өндіретін болады :

1) түрі/қуаты/аймағы - _____ (ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне сәйкес);

2) ЖЭК пайдалану объектісі орналасқан жер учаскесі (лері) - кадастрлық нөмірі: - _____, жер учаскесінің жалпы ауданы - _____ гектар;

3) негізгі генерациялайтын жабдықтың номиналды (паспорттық деректерде көрсетілген) қуаттарының сомасы ретінде айқындалатын ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің генерациялайтын жабдығының жиынтық белгіленген қуаты (күн электр станциялары үшін - тұрақты токтың фотоэлектрлік модульдері, жел электр станциялары, су электр станциялары және биоэлектр станциялары үшін - электр энергиясының генераторлары негізгі генерациялайтын жабдықтың паспорттық деректеріне сүйене отырып _____ (МВт);

4) ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті;

5) электр желісіне қосу нүктесі - _____.

3. Қосымша құн салығын есепке алмағанда, электр энергиясының 1 (бір) киловатт-сағатына _____ (_____) құрайтын аукциондық баға осы Шарт бойынша электр энергиясының бағасы болып табылады. Аукциондық бағаны жыл сайын

индекстеу Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Индекстеу нәтижесінде аукциондық бағаның шамасын және/немесе аукциондық бағаны индекстеу тәртібін өзгерту Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын тиісті өзгерістерді қолдану басталған күн көрсетіле отырып, осы Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы ресімделеді.

3. Электр энергиясының көлемін есепке алу және төлеу

5. Желіге электр энергиясын жоспарлы жіберу көлемін есепке алу жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген Сатушы берген өтінімдер негізінде жүргізіледі.

6. ЖЭК пайдалану объектілерінен электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді Сатып алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

7. Даулы жағдайларда Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесі болып табылады.

8. Сатып алушы электр энергиясының жоспарлы көлеміне ақы төлеуді жүйелік оператор Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес алдағы тәуліктерге электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін бекіткеннен кейін жүзеге асырады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Сатушы:

1) күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша 08 сағат 00 минутқа дейін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес электр энергиясын сатудың жоспарлы көлемі туралы ақпарат енгізуге;

2) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатып алушыға жеткізілген айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ай сайын тауарларды бір жаққа немесе өзге де бастапқы құжатқа жөнелту жүкқұжатын және электр энергиясының жоспарлы көлемі үшін шот-фактураны беруге;

3) жарты жылда 1 реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстырып-тексеру жүргізуге;

4) Сатып алушыға жыл сайын жиырмамыншы желтоқсанға қарай айларға бөле отырып, электр энергиясын шығарудың, желілерге жіберудің алдағы жылға арналған болжамды көлемдері туралы ақпаратты жолдауға;

5) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

6) ЖЭК пайдалану объектісінің коммерциялық пайдаланылуына дейін өзінің ЖЭК пайдалану объектісінде ЭКЕАЖ-дың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ-дың жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді қашықтан беру мүмкіндігі болуға тиіс;

7) электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешендік сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға оған қатысты осы сатып алу шарты жасалған ЖЭК пайдалану объектісі үшін Сатушы мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, ЖЭК-ті пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын, электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін ұсынуға;

8) Сатып алушыға кешенді сынақ жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын кешенді сынақтар бағдарламасын жүйелік оператор келіскені туралы хаттың көшірмесін және ЭКЕАЖ-ды пайдалануға енгізу актісінің көшірмесін ұсынуға;

9) кешенді сынақ жүргізу басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Сатып алушыға 18-разрядты ЭКЕАЖ сәйкестендіру кодын беруге;

10) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясы өндірісінің тәуліктік графиктерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) беру айынан кейінгі айдың жетінші күнінен кешіктірмей Сатушы мен электр желілеріне ЖЭК пайдалану объектісі қосылған энергия беруші ұйым қол қойған электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісінің көшірмесін беруге;

12) осы Шартқа қол қойған күннен бастап күн электр станциялары үшін – 12 (он екі) ай ішінде, жел және биогазды электр станциясы үшін – 18 (он сегіз) ай ішінде, гидроэлектр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде: оған қатысты осы Шарт жасалған ЖЭК пайдалану объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген хабарламаның көшірмесін Сатып алушыға ұсынуға;

13) күн электр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде, жел және биогаз электр станциялары үшін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде, гидроэлектр станциялары үшін шартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес оған қатысты

шарт жасалған ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін Сатып алушыға ұсынуға міндетті.

Бұл ретте, егер осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мерзімі аяқталуына дейін ЖЭК пайдалану объектісінің құрылысы бойынша жалпы жұмыс көлемінен 70% кем емес көлемде ЖЭК пайдалану объектісі бойынша құрылыс-монтаждау жұмысын орындау туралы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (тұлғадан) растау ұсынылған жағдайда, көрсетілген мерзім күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;

14) оған қатысты осы Шарт жасалған ЖЭК пайдалану объектілері үшін энергия беруші ұйым мен Сатушы арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесін - тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін ажырату актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК пайдалану объектілерін кешенді сынаудан өткізу басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға ұсынуға;

15) Сатып алушының сұранысы бойынша ЖЭК пайдалану объектісі құрылысының барысы туралы ақпарат ұсынуға;

16) Қағидаларда қойылатын талаптарға сәйкес осы Шартқа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, ал Қағидалардың 28-1-тармағына сәйкес барлау жұмыстары жүзеге асырылатын тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарындағы биогаз электр станцияларының жобалары үшін – Қағидаларда қойылатын талаптарға сәйкес осы Шартқа қол қойылған күнінен бастап бір жыл ішінде _____ мөлшерінде Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Сатып алушыға ұсынуға;

16-1) Қағидалардың 28-1-тармағында көзделген жағдайда, Қағидаларда қойылатын талаптарға сәйкес осы Шартқа қол қойылған күнінен бастап, күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүргізуге қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуға;

17) Сатушының қайта ұйымдастыруы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөліп шығаруы, қайта құруы) туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

18) ЖЭК пайдалану объектісін жаңа генерациялау (бұған дейін пайдаланылмаған) қондырғыларын пайдаланып салуға;

19) Сатып алушының сұранысы бойынша электр энергиясын өндіру үшін ЖЭК пайдалану объектісінде пайдаланылатын ЖЭК бастапқы ресурсының негізгі сипаттамалары туралы ақпаратты беруге міндетті.

10. Сатып алушы:

1) Сатушыдан орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде оған қол қоюға немесе егер ол Сатушының электр энергиясының берілген көлемі туралы деректерімен келіспесе, сол мерзімде Сатушыға бас тартудың

негізділігін растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, өзінің жазбаша дәлелді бас тартуын жіберуге;

2) Сатушыға электр энергиясының мәлімделген көлемін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде осы Шарттың 8-тармағында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде алдағы тәуліктерге ақы төлеуге;

3) жарты жылда 1 реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстырып-тексеру жүргізуге;

4) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатушыны дереу хабардар етуге;

5) осы Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде ЖЭК пайдалану объектісін іске қосқан жағдайда жазбаша өтінішті берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде 100% (жүз пайыз) мөлшерінде Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасын немесе оның бөліктерін қайтаруға;

Бұл ретте шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30% (отыз пайызы) Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұсталған жағдайда 70% (жетпіс пайыз) қайтарылады;

6) Сатып алушының қайта ұйымдастыруы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөліп шығаруы, қайта құруы) туралы Сатушыны дереу хабардар етуге міндетті.

11. Сатушы:

1) Сатып алушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) осы Шартта көрсетілген ЖЭК пайдалану объектісінің генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуатын ұлғайтпау шартымен ЖЭК пайдалану объектісіне ағымдағы немесе күрделі жөндеуді, оның ішінде негізгі генерациялайтын жабдықты ауыстыра отырып жүзеге асыруға;

3) Сатып алушыны сатып алу құқықтарын басқаға беру туралы тиісті шарт жасасқанға дейін хабардар ете отырып, осы Шарттан туындайтын өзінің қолда бар және болашақтағы құқықтары мен талаптарын Сатып алушыға беруге құқылы. Бұл ретте, осы тармақшада көзделген құқықтар мен талаптарды басқаға беру жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Шарт бойынша құқықтар мен талаптарды қабылдайтын Тарап осы Шарттың 9-тармағының 16) тармақшасына сәйкес қаржылық қамтамасыз етуді ұсына отырып, сондай-ақ Сатып алушы, сатушы және осы Шарт бойынша құқықтар мен талаптарды қабылдайтын Тарап арасында тиісті келісім жасаса отырып, ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін жүзеге асырылады;

4) ЖЭК пайдалану объектісі үшінші тұлғаға иеліктен шығарылған жағдайда, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін нақ осы тұлғаға толықтай беруге құқылы

. Мұндай жағдайда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер ЖЭК пайдалану объектісіне арналған құқықтармен бір мезгілде үшінші тұлғаға өтеді;

5) Қағидалардың 28-1-тармағында көзделген жағдайларда және талаптарда Қағидалардың 29-тармағының екінші бөлігіне сәйкес барлау жұмыстарын жүргізуге қаржылық қамтамасыз етуді ұсына отырып, сатып алу шарты жасалғаннан кейін бір жыл ішінде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүргізуге құқылы.

12. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарт талаптарын орындауды талап етуге;

2) егер электр энергиясын беру айында жеткізілген көлем туралы Тараптар арасында болған келіспеушіліктерді реттеу қорытындылары бойынша Сатып алушының Сатушыға артық сома төлеу фактісі анықталатын болса, алдағы төлемдерде Сатушыға тиесілі сомалардан артық төленген соманы ұстап қалуға;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздері және электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес Сатушының міндеттемелерін орындауды талап етуге құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

13. Сатушы ЖЭК объектісінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама көшірмесін ұсыну мерзімдерін 6 айдан көп уақытқа бұзған кезде, онда Сатып алушы осы Шарттың 9 тармағының 12) тармақшасында белгіленген тәртіпте Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30% (отыз пайыз) ұстап қалады және ол туралы Сатушыға жазбаша хабарлайды.

14. Сатып алушы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Сатушыны жазбаша хабардар ете отырып мынадай жағдайларда ұстап қалады:

- егер Сатушы ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімдерін бұзса – осы Шарттың 9-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Сатып алушы Қағидаларда белгіленген тәртіпте Шарт талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100% (жүз пайызын) ұстап қалады, ол туралы Сатушыны жазбаша хабардар етеді. Бұл ретте осы Шарттың 13-тармағына сәйкес Шарт талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының бөлігін ұстап қалған кезде, Қағидалармен белгіленген тәртіпте Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% (жетпіс пайызын) ұстап қалады;

- осы Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасының екінші бөлігінде қарастырылған мерзім ұзартылса – Сатушыны тиісінше жазбаша хабардар ете отырып, Қағидаларда белгіленген тәртіппен Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100% (жүз пайызын) мөлшерінде. Бұл ретте осы Шарттың 13-тармағына сәйкес Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігі

ұсталған жағдайда, Қағидалармен белгіленген тәртіппен Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% -ын ұстайды;

- осы Шарттың 33-тармағында көрсетілген жағдай басталған жағдайларда – Қағидалармен белгіленген тәртіппен Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100%-ы (жүз пайызы) мөлшерінде ұстап қалады, Сатушы тиісінше жазбаша хабардар етіледі. Бұл ретте осы Шарттың 13-тармағына сәйкес Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігі ұсталған жағдайда Қағидалармен белгіленген тәртіппен Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% -ын ұстайды;

- сатушының осы Шарттың талаптарын орындаудан бас тартуы Қағидаларда белгіленген тәртіппен шарттың 9-тармағының 13) тармақшасында көзделген мерзімдерде құжаттарды ұсыну бөлігінде.

15. Осы Шарттың 8-тармағында көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талап етуі бойынша оған мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ кешіктірілген соманың 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

16. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарт талаптарына сәйкес жауапты болады.

17. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

18. Сатып алушы белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің нақты мәнінің болжамдалғаннан ауытқығаны үшін, сондай-ақ электр энергиясын диспетчерлендіруге, беруге және таратуға байланысты іс-әрекеттерін қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

6. Форс-мажорлық жағдайлар

19. Осы Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажорлық жағдай нәтижелері болып табылатын болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

20. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген жерден болатын оқиға форс-мажорлық жағдай деп танылады.

21. Сатып алушыда қандай да бір себеппен жеткілікті ақшаның болмауы форс-мажорлық жағдай болып табылмайды және Сатып алушыны төлемдерді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатпайды.

22. Форс-мажорлық жағдай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы басқа Тарапты растайтын құжаттарды ұсынумен форс-мажорлық жағдайдың сипатын, туындау

себебін және олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе)

23. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

24. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қолдануға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндеттенеді.

25. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Тараптардың Сатушы ЖЭК пайдалану объектісін салу үшін қаржылық ұйымдарда қарыз тартқан жағдайдағы іс-әрекеттері

26. Сатушы осы Шарт бойынша ақшалай түсімдерді кепілге бере отырып, қаржылық ұйымдарда ЖЭК пайдалану объектісін салуға қаржыландыру тартқан кезде, Сатушы Сатып алушыға аталған хабарламанының қолданылу мерзімін көрсетумен ақшалай түсімдер кепілдігі туралы тиісті хабарлама жібереді.

27. Сатушының Сатып алушыға ақшалай түсімдер кепілдігі туралы хабарламаны ұсынуы Сатушының осы Шартқа қатысты Сатып алушының мына іс-әрекеттерді жүзеге асыруына қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін білдіреді:

1) Сатып алушының қаржы ұйымының пайдасына одан талапты алған кезде Сатушыға тиесілі төлемдерді (ай сайынғы төлемдер шегінде) жүзеге асыруы. Қаржы ұйымының пайдасына жасалған әрбір төлем Сатып алушының осы Шарт бойынша Сатушы алдындағы ақшалай міндеттемесін тиісінше орындауы болып есептеледі;

2) Сатып алушыға қаржы ұйымынан осындай ауыстыру қажеттігі туралы талап түскен жағдайда Сатушыны ауыстыруды жүзеге асыру. Қаржы ұйымының талап етуі бойынша Сатушыны ауыстыру уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы Ереженің 15-бабының 371) тармақшасына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін жүзеге асырылады;

3) Сатып алушының шарттың қолданылуын тоқтатуға немесе тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін Сатушының осы Шарт бойынша Сатып алушы алдындағы міндеттемелерін орындамауы жағдайлары туралы қаржы ұйымына ақпарат береді.

9. Дауларды шешу

28. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

29. Тараптар осы Шарт бойынша дауларды тікелей келіссөздер жолымен шешуге тырысуы тиіс.

30. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де дауларды шешу үшін Тараптардың әрқайсысы сотқа жүгінуге құқылы.

31. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ өзгеше жолмен осы Шартқа байланысты барлық даулар, талапкер Қағидаларға сәйкес "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығында дауларды қарау туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Сатып алушының орналасқан жері бойынша мемлекеттік сотта қаралуға жатады.

10. Шарттың және аукциондық бағаның қолданылу мерзімі

32. Осы Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

33. Осы Шарт және онда көрсетілген аукциондық баға электр энергиясы Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне босатылған ЖЭЖ пайдалану объектісінің электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап жиырма жыл өткен соң немесе Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім аяқталған күннен бастап, қайсы бұрын болғанына байланысты, өз қолданысын тоқтатады.

11. Қорытынды ережелер

34. Осы Шарт:

1) Сатушы осы Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасында көзделген ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға беру мерзімін бұзған жағдайда;

2) Қағидаларға сәйкес Сатушы осы Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну мерзімін бұзған кезде өз қолданысын тоқтатады.

35. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар тек қана жазбаша түрінде жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болып табылады.

36. Осы Шарт Сатушының бастамасы бойынша осы Шарттың 9-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген мерзімнен бұрын бұзылған жағдайда, Сатушы осы Шарттың 14-тармағының бесінші абзацы сақталған кезде Сатып алушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті, содан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі.

37. Тараптар арасындағы барлық хат алмасу электрондық және/немесе қағаз нұсқасындағы хаттарды жіберу жолымен жазбаша түрде орындалуы тиіс.

38. Осы Шарт заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде екі данада қағаз нұсқасында не электрондық түрде жасалады.

39. Шарт Астана қаласында жасалды, оған екі Тарап та қол қойды және Сатып алушы оны 20__ жылғы " ____ " _____ № _____ жасалған шарттар тізілімінде тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері және қолтаңбалары

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекенжайы:	Заңды мекенжайы:
_____	_____
Нақты мекенжайы:	Нақты мекенжайы:
_____	_____
Телефон/факс:	Телефон/факс:
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Бизнес сәйкестендіру нөмірі:
_____	_____
Банк сәйкестендіру коды:	Банк сәйкестендіру коды:
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды	Жеке сәйкестендіру коды:
_____	_____
_____	_____
(банк атауы)	(банк атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))	(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

м.о. (болған жағдайда)

м.о. (болған жағдайда)";

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 480 бұйрығына
2-қосымша
Үлгілік нысан

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өнеркәсіптік кешендер мен тікелей тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатуы шарты № _____

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.09.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); кіріспенің 5) тармақшасының орыс тіліндегі редакциясына өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

_____ 20____
ЖЫЛ

(шарттың жасалған жер)

(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)
бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

негізінде әрекет ететін,
(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)
бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және

(ұйымның толық атауы)
бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

негізінде әрекет ететін,
(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)
бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе "Тараптар",
жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасының "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Заңы;

3) "Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тарифті айқындау Қағидалары);

4) "Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары);

5) "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 164 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар), төмендегілер туралы осы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өнеркәсіптік кешендер мен нақты тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сату шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептік кезең – Шартта күнтізбелік айдың соңғы күні сағат 00:00-ден 24:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде айқындалған кезең;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша жеткізуді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану дайындығында ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

3) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі – нақты теңгерім) – есепті кезең ішінде өндірілген, жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін жүйелік оператор жасаған құжат;

4) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00.00-де басталатын және сағат 24.00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

5) өнеркәсіптік кешен – өздерінің құрамындағы меншік, жалға алу немесе өзге де заттық құқықтағы генерациялайтын көздерден электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

6) тікелей тұтынушылар – жасалған екі жақты шарттарға сәйкес өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

7) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы - уәкілетті орган айқындайтын, осы Заңда көзделген тәртіппен электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

8) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

9) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері - энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы.

Осы Шартта қолданылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шартқа сәйкес Сатып алушы Сатушыдан электр энергиясын республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлеміндегі электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесін ескере отырып, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Сатушы есептейтін көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынушының жоспарлы көлемдерін қоспағанда, өздері жаңартылатын көздерден сатып алатын электр энергиясының көлемін, цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын және Сатушының жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын сатып алуға жұмсаған

шығындарын, техникалық сараптаманы ескере отырып, жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген сатып алуға берілген өтінімге сәйкес бағалар бойынша және тиісті көлемде сатып алады

3. Сатып алушы мынадай электр станцияларында электр энергиясын сатып алады (әрбір электр станциясы бойынша ақпарат көрсетіледі):

- а) атауы – _____;
- б) электр станциясының түрі - _____;
- в) электр станциясының генерациялайтын жабдығының жиынтық белгіленген қуаты - _____ (МВт).

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Сатушы:

1) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатып алушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатуға;

2) ай сайын, жеткізу айынан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей тауарларды жағына жіберуге арналған жүкқұжатты не жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген көлемді өткізу фактісін растайтын өзге де бастапқы құжатты, шот-фактураны жазып беруге;

3) осы Шарттың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Сатып алушы бастапқы құжатқа қол қоймаған жағдайда Сатушы тарапы қол қойған бастапқы құжатты заңды деп есептеуге;

4) жарты жылда бір реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстырып-тексеру жүргізуге;

5) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

6) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

5. Сатып алушы:

1) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне өзінің енгізілуін қамтамасыз етуге;

2) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатып алушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алуға;

3) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген

электр энергиясын сатып алуға арналған өтінімді ақшалай қаражатпен қамтамасыз етуге;

4) күн сайын сағат 08.00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес электр энергиясын сатып алудың жоспарлы көлемі туралы ақпарат енгізуге;

Бұл ретте Сатушы берген сатып алу өтінімінің көлемі алдын ала болып табылады және операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 09:00 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) нақтыланады.

5) күн сайын сағат 09.00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясының көлемін бөлгеннен кейін теңгерімдеуші нарық жүйесінде сатып алуға өтінімді өзектендіруді (жаңартуды) жүргізуге;

6) жыл сайын жиырмамыншы желтоқсанға қарай Сатушыға алдағы жылға электр энергиясын өндірудің, желіге босатудың болжамды жылдық айлар бойынша көлемдері туралы ақпаратты жіберуге;

7) тауарларды шетке беруге арналған жүкқұжатты алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясының көлемін өткізу фактісін растайтын өзге де бастапқы құжатқа қол қоюға;

8) осы Шарттың 5-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бастапқы құжатпен не шот-фактурамен келіспеген жағдайда, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш беруге;

9) осы Шарттың 8-тармағына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясының көлемін есепті кезеңнен кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей Сатушыға төлеуге;

10) жарты жылда бір реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстырып-тексеру жүргізуге;

11) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

12) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

6. Сатушы:

1) Сатып алушыдан Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) жүйелік операторды Сатып алушыда:

а) осы Шарттың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату

объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған өтінімді ақшалай қаражатпен қамтамасыз етудің жоқ екендігі туралы хабардар етуге;

б) осы Шарттың 8-тармағына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген, сатылған электр энергиясы үшін берешекті толық өтеуі;

3) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

4) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

7. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге.

2) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

4. Тараптардың өзара есеп айырысуы

8. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін Тараптар Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясы көлемінің ақырғы есептеулерін жүргізеді.

9. Егер Сатып алушының электр энергиясы үшін Сатушының атына есеп айырысу кезеңі үшін нақты төлем көлемі болған жағдайда, осы кезеңде одан сатып алынған сома Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін тиісті алдын ала төлемінің мәнінен аз болса, онда мәндердің және алдын ала төлемдердің осы айырмашылығы Сатып алушының осы есеп айырысу кезеңіндегі артық төлемі ретінде қабылданады, ол Сатып алушының қалауы бойынша оған кері қайтарылады не келесі тәуліктерге оның алдын ала төлемінің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылады.

Егер осы кезеңде өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін Сатып алушының атына нақты төлем көлемі Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін тиісті алдын ала төлемінің мәнінен артық болған жағдайда, онда ақша қаражаты түріндегі мәндердің және алдын ала төлемдердің осы айырмасын Сатып алушы Сатушының есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың соңына дейін кезеңімен белгіленеді.

10. Осы Шарттың 5-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген төлемді Сатып алушы Сатушы төлеуге ұсынған тиісті шот-фактура және Тараптар қол қойған тауарларды шетке беруге арналған жүкқұжат немесе сатып алынған электр энергиясының көтерме сауда нарығында қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату

объектілері мен жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілері өндірген электр энергиясының көлемі үшін өзге де бастапқы құжат негізінде есептік кезеңнің әрбір сағаты бойынша бөле отырып жүргізеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

11. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талабы бойынша оған мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ осы Шарттың 10-тармағына сәйкес мерзімі өткен соманың 10% (он пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

12. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

13. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

14. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе)

15. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

16. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлемеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қолдануға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

17. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

7. Дауларды шешу

18. Тараптар арасында осы Шарт бойынша даулар туындаған кезде Тараптар дауды келіссөздер арқылы шешу үшін бар күш-жігерін салады.

19. Осы шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

20. Даулы жағдайларда жүйелік оператор беретін, Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі теңгерімі Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

21. Егер Тараптардың бірінің екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде негізделген наразылықтары болса, онда мұндай Тарап наразылықтың мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап наразылықты алған күннен бастап бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не ескертулерді жою мерзімін наразылық жіберген Тараппен келісуге тиіс.

22. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

23. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де мәселелерге байланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына жатады.

8. Форс-мажорлық жағдайлар

24. Осы Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажорлық жағдай нәтижелері болып табылатын болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

25. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

26. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

9. Шарттың қолданылу мерзімі

27. Осы Шарт 20_____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20_____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

28. Егер тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шартты тоқтату туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылға ұзартылады.

10. Шартты өзгерту және тоқтату талаптары

29. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен өзгертіледі.

30. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылған жағдайда және Сатып алушының Сатушының алдында берешегі болмаған жағдайда;

2) мынадай талаптар орындалса: Сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуын тоқтатуы және Сатып алушының жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісінше алынып тасталуы және Сатып алушының Сатушының алдындағы берешегінің болмауы.

11. Қорытынды ережелер

31. Осы Шарт заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде екі данада қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жасалады.

32. Осы Шарт Астана қаласында жасалды және Сатушы оны жасалған шарттар тізілімінде тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері мен қолтаңбалары

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекенжайы:	Заңды мекенжайы:
_____	_____
Нақты мекенжайы:	Нақты мекенжайы:
_____	_____
Телефон/факс:	Телефон/факс:
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Бизнес сәйкестендіру нөмірі:
_____	_____
Банк сәйкестендіру коды:	Банк сәйкестендіру коды:
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды:	Жеке сәйкестендіру коды:
_____	_____

_____	_____
(банк атауы)	(банк атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	(тегі, аты,, әкесінің аты (болған жағдайда)
м.о. (болған жағдайда)	м.о. (болған жағдайда)";

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 480 бұйрығына
3-қосымша
Үлгілік нысан

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатуы шарты № _____

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.09.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

_____ 20 ____
жыл

(шарттың жасалған жер)

(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)
бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

_____ атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,
(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)
бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және

(ұйымның толық атауы)
бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

_____ атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,
(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе "Тараптар",
жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң);

2) Қазақстан Республикасының "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Заңы;

3) "Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары);

4) "Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) (бұдан әрі – тарифті айқындау Қағидалары);

5) "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 164 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар), төмендегілер туралы Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші объектілермен, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясын сату шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) басым тұтынушылар – құрамына тікелей тұтынушылар және (немесе) өнеркәсіптік кешендер, электр энергиясын өндіру үшін қазба отындарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлға немесе тұлғалар тобы және (немесе) өндіріп шығарған электр энергиясын осы тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға орталықтандырылған сауда-саттықта өткізетін, жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін және (немесе) жұмыс істеп тұрған (2021 жылғы 1 қаңтардан кейін, оның ішінде алдағы жеті жылдық кезеңге арналған электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамды балансында есепке алынбаған, істен шыққан электр қуаттарын реконструкциялаудан кейін пайдалануға берілген) қайталама

энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін энергия өндіруші ұйымдар;

2) есептік кезең – Шартта күнтізбелік жылдың соңғы соңғы күні сағат 00:00-ден 24:00-ге дейін (Астана уақыты) бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде айқындалған кезең;

3) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын және оның дамуын қамтамасыз ететін ұлттық компания;

4) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі – нақты теңгерім) – есепті кезең ішінде өндірілген, жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін жүйелік оператор жасаған құжат;

5) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00.00-де басталатын және сағат 24.00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

6) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы - уәкілетті орган айқындайтын, осы Заңда көзделген тәртіппен электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

8) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері - энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы.

Осы Шартта қолданылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шартқа сәйкес Сатып алушы Сатушыдан электр энергиясын республиканың жоспарлы тұтынуының жалпы көлеміндегі электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесін ескере отырып, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Сатушы есептейтін көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынуының жоспарлы көлемдерін қоспағанда, өздері жаңартылатын көздерден сатып алатын электр энергиясының көлемін, цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын және Сатушының жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарын, техникалық сараптаманы ескере отырып, жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуелділік кестесіне енгізілген сатып алуға берілген өтінімге сәйкес бағалар бойынша және тиісті көлемде сатып алады.

3. Сатып алушы мынадай объектілерде (тікелей шарттар негізінде алатын) электр энергиясын өндіретін болады: жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерде (бұдан әрі - ЖЭК) және (немесе) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектілерде (бұдан әрі - ҚЭР) (әрбір ЖЭК пайдалану жөніндегі объект және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объект бойынша ақпарат көрсетіледі):

а) атауы – _____;

б) ЖЭК пайдалану объектісі (объектілері) және (немесе) ҚЭР пайдалану объектісі (объектілері) орналасқан алаңдар - _____, кадастрлық нөмірі: - _____, жер учаскесінің жалпы ауданы - _____ гектар;

в) пайдаланылатын ЖЭК және (немесе) ҚЭР (МВт) түрлері бойынша бөле отырып, ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектінің генерациялайтын жабдығының жиынтық белгіленген қуаты;

г) ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектінің электр станциясының белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті _____;

ж) электр желісіне қосу нүктесі _____.

4. Сатып алушы мынадай электр станцияларында электр энергиясын өндіреді (қазба отынын пайдаланатын әрбір электр станциясы бойынша ақпарат көрсетіледі):

а) атауы – _____;

б) қазба отынын пайдаланатын электр станциясының түрі - _____;

в) қазбалы отынды пайдаланатын электр станциясының генерациялайтын жабдығының жиынтық белгіленген қуаты - _____ (МВт).

5. Сатып алушы пайдалануға берген ЖЭК пайдалану объектісі және (немесе) ҚЭР пайдалану объектісі өндірген энергия беруші ұйымның желісіне жеткізілген электр энергиясы жеткізу нүктесінде орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының болмауы немесе ақаулығы кезеңінде Тараптардың өзара есеп айырысуларында ескерілмейді. Бұл ретте Сатып алушы пайдалануға берген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіде және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектіде коммерциялық есепке алу

аспаптарының болмау немесе ақаулық фактісі мен кезеңі желілеріне ЖЭК пайдалану жөніндегі объект және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объект қосылған энергия беруші ұйымның тиісті актісімен расталуға тиіс.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. Сатушы:

1) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатып алушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатуға;

2) ай сайын, жеткізу айынан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей тауарларды жағына жіберуге арналған жүкқұжатты не жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген көлемді өткізу фактісін растайтын өзге де бастапқы құжатты, шот-фактураны жазып беруге;

3) осы Шарттың 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Сатып алушы бастапқы құжатқа қол қоймаған жағдайда Сатушы тарапы қол қойған бастапқы құжатты заңды деп есептеуге;

4) жарты жылда бір рет реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстырып-тексеру жүргізуге;

5) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

6) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

7. Сатып алушы:

1) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне өзінің енгізілуін қамтамасыз етуге;

2) Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес Сатып алушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алуға;

3) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған өтінімді ақшалай қаражатпен қамтамасыз етуге;

4) күн сайын сағат 08.00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес электр энергиясын сатып алудың жоспарлы көлемі туралы ақпарат енгізуге;

Бұл ретте Сатушы берген сатып алу өтінімінің көлемі алдын ала болып табылады және операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 09:00 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) нақтыланады.

5) күн сайын сағат 09.00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясының көлемін бөлгеннен кейін теңгерімдеуші нарық жүйесінде сатып алуға өтінімді өзектендіруді (жаңартуды) жүргізуге;

6) жыл сайын жиырмасыншы желтоқсанға қарай Сатушыға алдағы жылға электр энергиясын өндірудің, желіге босатудың болжамды жылдық айлар бойынша көлемдері туралы ақпаратты жіберуге;

7) тауарларды тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде электр энергиясының жоспарлы көлемін өткізу фактісін растайтын өзге де бастапқы құжатқа қол қоюға;

8) сатып алушы пайдалануға енгізген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектінің электр қондырғыларына кешенді сынақ жүргізу күні туралы сатушыны тиісті сынақ жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етуге және ай бойынша бөле отырып, ағымдағы жылдың соңына дейінгі кезеңге электр энергиясын өндірудің, желіге жіберудің болжамды көлемін ұсынуға;

9) ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға бергенге дейін өзінің ЖЭК пайдалану жөніндегі объектісінде және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектіде ЕКЕАЖ-ның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЕКЕАЖ-ны аймақтық диспетчерлік орталықтарға деректерді қашықтықтан беруі тиіс; сатушыға осы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасында айқындалған тәртіппен пайдалануға енгізілген және бекітілген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін беруге;

10) сатушыға осы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйым мен ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйым және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объект арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесін беруге;

11) сатушыға осы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйым мен ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйым арасында қол қойылған ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіде және (немесе) ҚЭР пайдалану жөніндегі объектіде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін беруге;

12) осы Шарттың 7-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бастапқы құжатпен не шот-фактурамен келіспеген жағдайда, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сатушыға өзінің қарсылықтары баяндалған жазбаша өтініш беруге;

13) сатушыға осы Шарттың 10-тармағына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясының көлемін есептік кезеңнен кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей төлеуге;

14) жартыжылдықта кемінде бір рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру жүргізуге;

15) сатушыға өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

16) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

8. Сатушы:

1) Сатып алушыдан Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) жүйелік операторды Сатып алушыда:

а) осы Шарттың 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған өтінімді ақшалай қаражатпен қамтамасыз етудің жоқ екендігі туралы хабардар етуге;

б) осы Шарттың 7-тармағына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген, сатылған электр энергиясы үшін берешекті толық өтеуі;

3) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

4) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

9. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге.

2) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауын талап етуге құқылы.

4. Тараптардың өзара есеп айырысуы

10. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін Тараптар Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері,

қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясы көлемінің ақырғы есептеулерін жүргізеді.

11. Егер Сатып алушының электр энергиясы үшін Сатушының атына есеп айырысу кезеңі үшін нақты төлем көлемі болған жағдайда, осы кезеңде одан сатып алынған сома Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін тиісті алдын ала төлемінің мәнінен аз болса, онда мәндердің және алдын ала төлемдердің осы айырмашылығы Сатып алушының осы есеп айырысу кезеңіндегі артық төлемі ретінде қабылданады, ол Сатып алушының қалауы бойынша оған кері қайтарылады не келесі тәуліктерге оның алдын ала төлемінің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылады.

Егер осы кезеңде өзінен сатып алынған электр энергиясы үшін Сатып алушының атына нақты төлем көлемі Сатып алушының есеп айырысу кезеңі үшін тиісті алдын ала төлемінің мәнінен артық болған жағдайда, онда ақша қаражаты түріндегі мәндердің және алдын ала төлемдердің осы айырмасын Сатып алушы Сатушының есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың соңына дейін кезеңімен белгіленеді.

12. Осы Шарттың 7-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген төлемді Сатып алушы Сатушы төлеуге ұсынған тиісті шот-фактура және Тараптар қол қойған тауарларды шетке беруге арналған жүкқұжат немесе сатып алынған электр энергиясының көтерме сауда нарығында қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері мен жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілері өндірген электр энергиясының көлемі үшін өзге де бастапқы құжат негізінде есептік кезеңнің әрбір сағаты бойынша бөле отырып жүргізеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

13. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талабы бойынша оған мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ осы Шарттың 12-тармағына сәйкес мерзімі өткен соманың 10% (он пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

14. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

15. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

16. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе)

17. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

18. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлемеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қолдануға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

19. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

7. Дауларды шешу

20. Тараптар арасында осы Шарт бойынша даулар туындаған кезде Тараптар дауды келіссөздер арқылы шешу үшін бар күш-жүгерін салады.

21. Осы шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

22. Даулы жағдайларда жүйелік оператор беретін, Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі теңгерімі Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

23. Егер Тараптардың бірінің екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде негізделген наразылықтары болса, онда мұндай Тарап наразылықтың мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап наразылықты алған күннен бастап бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не ескертулерді жою мерзімін наразылық жіберген Тараппен келісуге тиіс.

24. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

25. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де мәселелерге байланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына жатады.

8. Форс-мажорлық жағдайлар

26. Осы Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажорлық жағдай нәтижелері болып табылатын болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

27. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

28. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

9. Шарттың қолданылу мерзімі

29. Осы Шарт 20_____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20_____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

30. Егер тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шарттың тоқтату туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылға ұзартылады.

10. Шартты өзгерту және тоқтату талаптары

31. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен өзгертіледі.

32. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылған жағдайда және Сатып алушының Сатушының алдында берешегі болмаған жағдайда;

2) мынадай талаптар орындалса: Сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуын тоқтатуы және Сатып алушының жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісінші алынып тасталуы және Сатып алушының Сатушының алдындағы берешегінің болмауы.

11. Қорытынды ережелер

33. Осы Шарт заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде екі данада қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жасалады.

34. Осы Шарт Астана қаласында жасалды және Сатушы оны жасалған шарттар тізілімінде тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері мен қолтаңбалары

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекенжайы:	Заңды мекенжайы:
_____	_____
Нақты мекенжайы:	Нақты мекенжайы:
_____	_____
Телефон/факс:	Телефон/факс:
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Бизнес сәйкестендіру нөмірі:
_____	_____
Банк сәйкестендіру коды:	Банк сәйкестендіру коды:
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды:	Жеке сәйкестендіру коды:
_____	_____
_____	_____
(банк атауы)	(банк атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
м.о. (болған жағдайда)	м.о. (болған жағдайда)";

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 480 бұйрығына
4-қосымша
Үлгілік нысан

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуы шарты № _____

Ескерту. Бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 07.04.2021 № 123 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.09.2023 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); кіріспенің 5) тармақшасының орыс тіліндегі редакциясына

өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

_____20____
жыл

(шарттың жасалған жер)

(Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

_____ атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, бір тараптан, және

(ұйымның толық атауы)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

_____ атынан,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____ негізінде әрекет ететін,

(өкілеттік туындаған негіздеме көрсетіледі)

бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын, екінші тараптан, бірлесе "Тараптар",

жекелеп "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң);

2) "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының кодексін (бұдан әрі – Экологиялық кодекс);

3) "Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысын (бұдан әрі – Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары);

4) "Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары);

5) "Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 164 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар);

б) Қағидаларға қосымшаға сәйкес осы шартты жасасуға Сатушының өтінімін (кіріс № "___" ___ 20___ жыл) назарға ала отырып, осы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан төмендегі аукциондық бағалар бойынша электр энергиясының сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін, аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын электр энергиясын сатып алуға арналған баға;

2) коммерциялық есепке алу аспабы - электр қуатын, электр немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

3) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергия өндіруді Қазақстан Республикасының Заңы мен Экологиялық Заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, олармен өзара байланысты құрылыстар мен инфрақұрылымның жиынтығы.

5) қаржы ұйымы - қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) өңірлік диспетчерлік орталық - жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына жедел бағынатын және белгілі бір өңір бойынша жедел-диспетчерлік функцияларды жүзеге асыратын жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталығы;

7) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) – электр энергиясын есепке алу деректерін өлшеуге, жинауға, өңдеуге, сақтауға және жіберуге арналған өлшеу құралдары мен аппараттық-бағдарламалық кешендер жиынтығы.

Осы Шартта пайдаланылған өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2. Заңға сәйкес сатып алушы Жүйелік оператордың техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінің электр энергиясын сатушыдан оның электр энергиясын желіге жоспарлы түрде жіберу көлемінде сатып алады.

Сатушы мынадай қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінде электр энергиясын өндіретін болады:

1) қуаты/аймағы - _____ ;

2) Қалдықтарды кәдеге пайдаланатын объектісі орналасқан жер учаскесі (лері) - кадастрлық нөмірі: - _____, жер учаскесінің жалпы ауданы - _____ гектар;

3) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің генерациялайтын жабдығының жиынтық белгіленген қуаты, паспорттық деректерін негізге ала отырып, негізгі генерациялайтын жабдықтың номиналды (паспорттық деректерде көрсетілген) қуаттарының жиынтығы ретінде айқындалып, генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты - _____ (МВт);

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті _____;

5) электр желісіне қосылу нүктесі - _____;

3. Қосымша құн салығын есепке алмағанда, электр энергиясының 1 (бір) киловатт-сағатына _____ (_____) құрайтын аукциондық баға Шарт бойынша электр энергиясының бағасы болып табылады. Аукциондық бағаны жыл сайын индекстеу Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Индекстеу нәтижесінде аукциондық бағаның шамасын немесе аукциондық бағаны индекстеу тәртібін өзгерту Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын тиісті өзгерістерді қолдану басталған күн көрсетіле отырып, осы Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы ресімделеді.

3. Электр энергиясының көлемін есепке алу және төлеу

5. Желіге электр энергиясын жоспарлы жіберу көлемін есепке алу жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген Сатушы берген өтінімдер негізінде жүргізіледі.

6. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектілерінен электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді Сатып алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

7. Даулы жағдайларда Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесі болып табылады.

8. Сатып алушы электр энергиясының жоспарлы көлеміне ақы төлеуді жүйелік оператор Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес алдағы тәуліктерге электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін бекіткеннен кейін жүзеге асырады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Сатушы:

1) күн сайын Астана қаласының уақыты бойынша 08 сағат 00 минутқа дейін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес электр энергиясын сатудың жоспарлы көлемі туралы ақпарат енгізуге;

2) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатып алушыға жеткізілген айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ай сайын тауарларды бір жаққа немесе өзге де бастапқы құжатқа жөнелту жүкқұжатын және электр энергиясының жоспарлы көлемі үшін шот-фактураны беруге;

3) жарты жылда 1 реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстыру жүргізуге;

4) Сатып алушыға жыл сайын жиырмамыншы желтоқсанға қарай айларға бөле отырып, электр энергиясын шығарудың, желілерге жіберудің алдағы жылға арналған болжамды көлемдері туралы ақпаратты жолдауға;

5) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

6) қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектісінің коммерциялық пайдаланылуына дейін өзінің қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектісінде ЭКЕАЖ-дың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ-дың Жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді қашықтан беру мүмкіндігі болуға тиіс;

7) электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға оған қатысты осы сатып алу шарты жасалған қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектісі үшін Сатушы мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, қалдықтарды

энергетикалық кәдеге пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын, электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін ұсынуға;

8) кешенді сынақ жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын кешенді сынақтар бағдарламасын жүйелік оператор келіскені туралы хаттың көшірмесін және ЭКЕАЖ-ды пайдалануға енгізу актісінің көшірмесін ұсынуға;

9) кешенді сынақ жүргізу басталғанға алдында 5 (бес) жұмыс күні бұрын Сатып алушыға 18-разрядты ЭКЕАЖ сәйкестендіру кодын беруге;

10) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясы өндірісінің тәуліктік графиктерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектісі мен электр желілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге пайдалану объектісі қосылған қосылған энергия беруші ұйым қол қойған электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісінің көшірмесін беруге;

12) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, өзіне қатысты осы Шарт жасалған қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесін Сатып алушыға осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде ұсынуға;

13) Сатып алушыға осы Шарт жасалған Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 60(алпыс) ай ішінде беруге міндетті.

Бұл ретте, егер осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мерзімі аяқталуына дейін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісінің құрылысы бойынша жалпы жұмыс көлемінен 70% кем емес көлемде қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісі бойынша құрылыс-монтаждау жұмысын орындау туралы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (тұлғадан) растау ұсынылған жағдайда, көрсетілген мерзім күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;

14) оған қатысты Шарт жасалған қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілері үшін энергия беруші ұйым мен Сатушы арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесін - тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін

ажырату актісіне қол қойылған күннен бастап және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерін кешенді сынаудан өткізу басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынуға;

15) Сатып алушының сұранысы бойынша қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісі құрылысының барысы туралы ақпарат ұсынуға;

16) Қағидаларда қойылатын талаптарға сәйкес осы Шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде _____ мөлшерінде Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Сатып алушыға ұсынуға;

17) Сатушының қайта ұйымдастыруы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөліп шығаруы, қайта құруы) туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

18) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісін жаңа генерациялау (бұған дейін пайдаланылмаған) қондырғыларын пайдалана отырып салуға;

19) Сатып алушының сұранысы бойынша электр энергиясын өндіру үшін энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіде пайдаланылатын бастапқы ресурстың негізгі сипаттамалары туралы ақпарат беруге міндетті.

10. Сатып алушы:

1) Сатушыдан орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде оған қол қоюға немесе егер ол Сатушының электр энергиясының берілген көлемі туралы деректерімен келіспесе, сол мерзімде Сатушыға бас тартудың негізділігін растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, өзінің жазбаша дәлелді бас тартуын жіберуге;

2) Сатушыға электр энергиясының мәлімделген көлемін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде осы Шарттың 8-тармағында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде алдағы тәуліктерге ақы төлеуге;

3) жарты жылда 1 реттен кем емес мерзімде өзара есеп айырысуларға салыстыру жүргізуге;

4) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатушыны дереу хабардар етуге;

5) осы Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде ЖЭК пайдалану объектісін іске қосқан жағдайда жазбаша өтінішті берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде 100% (жүз пайыз) мөлшерінде Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасын немесе оның бөліктерін қайтаруға;

Бұл ретте шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30% (отыз пайызы) Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұсталған жағдайда 70% (жетпіс пайыз) қайтарылады;

б) Сатып алушының қайта ұйымдастыруы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөліп шығаруы, қайта құруы) туралы Сатушыны дереу хабардар етуге міндетті.

11. Сатушы:

1) Сатып алушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) осы Шартта көрсетілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісінің генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуатын ұлғайтпау шартымен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісіне ағымдағы немесе күрделі жөндеуді, оның ішінде негізгі генерациялайтын жабдықты ауыстыра отырып жүзеге асыруға;

3) Сатып алушыны сатып алу құқықтарын басқаға беру туралы тиісті шарт жасасқанға дейін хабардар ете отырып, осы Шарттан туындайтын өзінің қолда бар және болашақтағы құқықтары мен талаптарын Сатып алушыға беруге құқылы. Бұл ретте, осы тармақшада көзделген құқықтар мен талаптарды басқаға беру орталық атқарушы орган Экологиялық кодекске сәйкес уәкілетті орган бекітетін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне осы Шарт бойынша құқықтар мен талаптарды қабылдайтын Тараптың осы Шарттың 9-тармағының 16) тармақшасына сәйкес қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуымен, сондай-ақ Сатып алушы, Сатушы және осы Шарт бойынша құқықтар мен талаптарды қабылдайтын Тарап арасында тиісті келісім жасай отырып, ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне тиісті өзгерістерді енгізгеннен кейін жүзеге асырады;

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісі үшінші тұлғаға иеліктен шығарылған жағдайда, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін нақ осы тұлғаға толықтай беруге құқылы. Мұндай жағдайда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісіне арналған құқықтармен бір мезгілде үшінші тұлғаға өтеді.

12. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарт талаптарын орындауды талап етуге;

2) егер электр энергиясын беру айында жеткізілген көлем туралы Тараптар арасында болған келіспеушіліктерді реттеу қорытындылары бойынша Сатып алушының Сатушыға артық сома төлеу фактісі анықталатын болса, алдағы төлемдерде Сатушыға тиесілі сомалардан артық төленген соманы ұстап қалуға;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздері және электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес Сатушының міндеттемелерін орындауды талап етуге құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

13. Сатушы қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама көшірмесін ұсыну мерзімдерін 6 айдан көп уақытқа бұзған кезде, онда Сатып алушы осы Шарттың 9 тармағының 12) тармақшасында белгіленген тәртіпте Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30%-ын (отыз пайыз) ұстап қалады және ол туралы Сатушыға жазбаша хабарлайды.

14. Сатып алушы Қағидаларда белгіленген тәртіппен осы Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Сатушыны жазбаша хабардар ете отырып мынадай жағдайларда ұстап қалады:

- егер Сатушы қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімдерін бұзса Шарттың 9-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Сатып алушы Қағидаларда белгіленген тәртіпте Шарт талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100% (жүз пайызын) ұстап қалады, ол туралы Сатушыны жазбаша хабардар етеді. Бұл ретте осы Шарттың 13-тармағына сәйкес Шарт талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының бөлігін ұстап қалған кезде, Қағидалармен белгіленген тәртіпте Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% (жетпіс пайызын) ұстап қалады;

- осы Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасының екінші бөлігінде қарастырылған мерзім Қағидалармен белгіленген тәртіппен Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100%-ы (жүз пайызы) мөлшерінде ұзартылуы, Сатушы тиісті жазбаша хабардар етіледі. Бұл ретте осы Шарттың 13-тармағына сәйкес Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігі ұсталған жағдайда, Қағидалармен белгіленген тәртіппен осы Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% -ын ұстайды;

- осы Шарттың 33-тармағында көрсетілген жағдай басталған жағдайларда Қағидалармен белгіленген тәртіппен осы Шарттың талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100%-ы мөлшерінде ұстап қалады, Сатушы тиісінше жазбаша хабардар етіледі. Бұл ретте осы Шарттың 13-тармағына сәйкес Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігі ұсталған жағдайда Ережеде белгіленген тәртіппен Шарттың талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% -ын ұстайды;

- сатушының осы Шарттың талаптарын орындаудан бас тартуы Қағидаларда белгіленген тәртіппен шарттың 9-тармағының 13) тармақшасында көзделген мерзімдерде құжаттарды ұсыну бөлігінде.

15. Осы Шарттың 8-тармағында көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талап етуі бойынша оған мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн

үшін кешіктірілген соманың 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ кешіктірілген соманың 10 %-ынан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

16. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарт талаптарына сәйкес жауапты болады.

17. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертіледі және жазбаша нысанда ресімделеді.

18. Сатып алушы белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің нақты мәнінің болжамдалғаннан ауытқығаны үшін, сондай-ақ электр энергиясын диспетчерлендіруге, беруге және таратуға байланысты іс-әрекеттерін қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

6. Форс-мажорлық жағдайлар

19. осы Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажорлық жағдай нәтижелері болып табылатын болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

20. осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген жерден болатын оқиға форс-мажорлық ж

21. Сатып алушыда қандай да бір себеппен жеткілікті ақшаның болмауы форс-мажорлық жағдай болып табылмайды және Сатып алушыны төлемдерді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатпайды.

22. Форс-мажорлық жағдай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы басқа Тарапты растайтын құжаттарды ұсынумен форс-мажорлық жағдайдың сипатын, туындау себебін және олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе)

23. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тараптардың орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

24. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлемеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға;

3) олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қолдануға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

25. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Тараптардың Сатушы қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісін салу үшін қаржылық ұйымдарда қарыз тартқан жағдайдағы іс-әрекеттері.

26. Сатушы осы Шарт бойынша ақшалай түсімдерді кепілге бере отырып, қаржылық ұйымдарда қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісін салуға қаржыландыру тартқан кезде, Сатушы Сатып алушыға аталған хабарламанының қолданылу мерзімін көрсетумен ақшалай түсімдер кепілдігі туралы тиісті хабарлама жібереді.

27. Сатушының Сатып алушыға ақшалай түсімдер кепілдігі туралы хабарламаны ұсынуы Сатушының осы Шартқа қатысты Сатып алушының мына іс-әрекеттерді жүзеге асыруына қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін білдіреді:

1) Сатып алушының қаржы ұйымының пайдасына одан талапты алған кезде Сатушыға тиесілі төлемдерді (ай сайынғы төлемдер шегінде) жүзеге асыруы. Қаржы ұйымының пайдасына жасалған әрбір төлем Сатып алушының осы Шарт бойынша Сатушы алдындағы ақшалай міндеттемесін тиісінше орындауы болып есептеледі;

2) Сатып алушыға қаржы ұйымынан осындай ауыстыру қажеттігі туралы талап түскен жағдайда Сатушыны ауыстыруды жүзеге асыру. Қаржы ұйымының талап етуі бойынша Сатушыны ауыстыру уәкілетті орган Заңның 6-бабының 10-3) тармақшасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін жүзеге асырылады;

3) Сатып алушының шарттың қолданылуын тоқтатуға немесе тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін Сатушының осы Шарт бойынша Сатып алушы алдындағы міндеттемелерін орындамауы жағдайлары туралы қаржы ұйымына ақпарат береді.

9. Дауларды шешу

28. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

29. Тараптар осы Шарт бойынша дауларды тікелей келіссөздер жолымен шешуге тырысуы тиіс.

30. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де дауларды шешу үшін Тараптардың әрқайсысы сотқа жүгінуге құқылы.

31. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ өзгеше жолмен осы Шартқа байланысты барлық даулар, талапкер Қағидаларға сәйкес "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығында дауларды қарау туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Сатып алушының орналасқан жері бойынша мемлекеттік сотта қаралуға жатады.

10. Шарттың және аукциондық бағаның қолданылу мерзімі

32. Осы Шарт Тараптармен қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

33. Осы Шарт және онда көрсетілген аукциондық баға электр энергиясы Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне босатылған қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісінің электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап он бес жыл өткен соң немесе Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім аяқталған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

11. Қорытынды ережелер

34. Шарт:

1) Сатушының осы Шарттың 9-тармағы 13) тармақшасында көзделген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектісін пайдалануға беру мерзімін бұзған жағдайда;

2) Қағидаларға сәйкес Сатушы осы Шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну мерзімін бұзған кезде өз қолданысын тоқтатады.

35. Осы Шартқа барлық өзгерістері мен толықтырулары тек қана жазбаша түрінде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қойылған жағдайда жарамды болып табылады.

36. Осы Шарт Сатушының бастамасы бойынша осы Шарттың 9-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген мерзімнен бұрын бұзылған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, осы Шарттың 14-тармағының бесінші абзацына сәйкес бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті, содан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі.

37. Тараптар арасындағы барлық хат алмасу электрондық және/немесе қағаз нұсқасындағы хаттарды жіберу жолымен жазбаша түрде орындалуы тиіс.

38. Осы Шарт заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде екі данада қағаз нұсқасында не электрондық түрде жасалады.

39. Шарт Астана қаласында жасалды, оған екі Тарапта қол қойды және Сатып алушы оны 20__ жылғы "_____" _____ № _____ жасалған шарттар тізілімінде тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері және қолтаңбалары

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
Заңды мекен-мекенжайы:	Заңды мекен-мекенжайы:
_____	_____
Нақты мекен-мекенжайы:	Нақты мекен-мекенжайы:
_____	_____
Телефон/факс:	Телефон/факс:
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Бизнес сәйкестендіру нөмірі:
_____	_____
Банк сәйкестендіру коды:	Банк сәйкестендіру коды:
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды	Жеке сәйкестендіру коды:
_____	_____
_____	_____
(банк атауы)	(банк атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(Тегі, аты, әкесінің аты(болған жағдайда)	(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
м.о. (болған жағдайда)	м.о. (болған жағдайда)";